

ғылыми негізді (ҚазКСР-нің әліпби комиссиясы бекіткен ережелер (С.Аманжолов председельдік еткен) емле туралы толық мәліметтер көпшілікке жету керек.

Ал 1927 жылғы «Әліппе айтысын» (қазіргі алфавитке түсірген – Ш.Мәжітаева, алғы сөзін жазғандар – Б.Әбілқасымов, Ш. Мәжітаева), “XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі” монографиясы авторларының бірі, сонымен бірге «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (ХУ-ХХ ғғ.) [8] оқу құралын жазған авторлардың бірі және осы мақалада талданған «1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегін құрастырған профессор Шара Мәжітаеваның есімі қашан да осы дәуірді зерттеушілердің алдыңғы легінен табылары даусыз. Мақалада ғалым зерттеулері бір ғана аспектіде сөз болды.

Профессор Шара Мәжітаеваны мерейлі мерекесімен құттықтап, зор денсаулық, отбасына амандық тілейміз! Шығармашылық шабытын жоғалтпасын!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Оқулық. ҚР БЖҒМ грифімен. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
2. Қазақ әдеби тілі тарихы. – Алматы: Ғылым, 1968.
3. Революцияға дейінгі қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1993.
4. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі. – Астана: «Елорда» баспасы, 2000. – 344 б.
5. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер (1,2 кітап). – Алматы, 2018.
6. 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған Ш. Мәжітаева. – Қарағанды, 1994. – 167 б.
7. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: «Арыс» баспасы, 1997.
8. Әбілқасымов Б., Мәжітаева Ш. Қазақ әдеби тілінің тарихы ( ХУ-ХХ ғғ.). – Қарағанды, 2009. – 242 б.

#### **Жанат Дабыловна Рапишева**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

#### **ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ПРОФЕССОР Ш.МАЖИТАЕВА ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)**

Қазақ әдеби тілінің тіл білімінің бір саласы ретінде қалыптасуы аға буын ғалымдарымыз С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов сынды тілтанудағы ұлы тұлғалар есімімен тығыз байланысты болса, оның жеке сала болып дамуына қомақты үлес қосқан, әдеби тіл мәселелерін арнайы зерттеген кейінгі толқын өкілдеріне Ә.Қайдар, Р.Сыздық, С.Исаев, Е.Жанпейісов, Б.Әбілқасымов сияқты ғалымдардың үлкен тобы жатады.

Аталған ғалымдар салған даңғыл жолда талай жылдар талмай еңбектенуінің арқасында қазақ әдеби тілінің зерттелуіне өзіндік үлесін қосып келе жатқан филология ғылымдарының докторы, профессор Шара Мәжітаеваның алғашқы ізденістері «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдеби тілінің әлеуметтік-лингвистикалық сипаттамасы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясынан басталады.

Бұл зерттеуінде белгілі ғалымдардың әдеби тіл мәселелеріне арналған еңбектерін негізге ала отырып, Ш.Мәжітаева ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қалыптаса бастаған ұлттық әдеби тіліміздің ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы даму барысына әлеуметтік және лингвистикалық тұрғыдан баға береді. 1988 жылға дейін кітапханалардың «жабық қорында» сақталып келген қазақтың зиялы қауым өкілдерінің, атап айтқанда А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтың еңбектерімен алғашқылардың бірі болып танысу, зерттеу, көпшілікке жария ету мүмкіндігіне ие болып, оларды кандидаттық жұмысына арқау етеді.

Ш.Мәжітаева ХХ ғасыр басындағы мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды, баспадан шыққан басылымдарды талдау барысында қазақ зиялыларының қазақ әліпбиін жасау, қазақ тілін мекемелердің іс қағаздарына енгізу, ұлт кадрларын даярлау мәселесіне атсалысқанын, ана тілінде оқулықтар жазып, пікірталастар, айтыстар ұйымдастырып отырғанын өзінің «Әліппе айтысы» (Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1990) атты еңбегінде көрсетеді.

«Өкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан қазақ зиялыларының көрнекті өкілдеріне «ұлтшылдар», «кеңес өкіметін құруға қарсы әрекет етушілер» деген айып тағылып, оларды қуғын-сүргінге ұшыратқаннан кейін 80-жылдардың аяғына дейін аттары аталмай, еңбектері дұрыс баға

алмағандардың біріне қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист-ғалым, ағартушы педагог, ірі қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлы жатады. «Бір басынан бар мамандық табылатын, халқымыздың «рухани көсемі», «ұлт мәдениетінің Хантәңірі» атанып жүрген алып тұлғаны тереңірек таныған сайын ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеудің маңызы айырықша екенін мойындай отырып, А.Байтұрсынұлының мұрасын сала-салаға бөліп арнайы зерттегенде ғана оның бай әлеміне терең бойлап халқымыздың игілігіне жаратумен қатар, қайталанбас тұлғаның қазақ ғылымының дамуына қосқан үлкен үлесін анықтап, тарихымыздың төрінен алатын орнын да нақты көрсетіп беру мүмкіндігіне ие бола аламыз» дейді зерттеуші.

Өз зерттеулерінде проф. Ш.Мажитаева ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің дамуын, қызмет ету аясының кеңеюін көрсететін басты белгілердің бірі – баспасөз екенін дәлелдей отырып, «алғашқы қазақ газеттерінде публицистика стилі қалыптасты, ал оның әрі қарай дамуы, жеке стиль түрінде даралануы ХХ ғасырдың басында жарыққа шыққан баспасөз үлесіне тиді. Оның негізгі қозғаушы күші – сол кезеңде қазақ даласында қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдай және қазақ арасынан оқыған зиялы азаматтардың тарих сахнасына шығуы болды. Қазақ публицистика стилінің дамуында А.Байтұрсынұлы еңбектерінің алатын орны ерекше. Ол өзіне дейінгі қазақ баспасөзі дәстүрімен сабақтастықты сақтай отырып, оның оқырман аудиториясын кеңейтіп, мақсаты мен қызмет ауқымын байытты» деп қорытындылайды.

Осы сияқты ой-пікірлері «ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы әдеби тіл және тіл саясаты» (Қарағанды, 1992 ж.), «1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» (Қарағанды, 1994 ж.), «ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ әдеби тілі мәселелері» (Қарағанды, 1997 ж.) т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

ХХ ғасырдағы әдеби тіліміздің сипатын тереңірек әрі толық ашу үшін көптеген жылдар ізденіп, еңбек еткен Ш.Мажитаева 2000 жылы «ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Осы зерттеуінің негізінде жазылған «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі», «ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты монографиялары қазақ әдеби тілінің жарты ғасырлық даму тарихына арналады. Қазақ әдеби тілінің даму, жетілу жолдары туралы толық мәлімет беретін бұл еңбегінде тілдік талдауға түскен көркем шығармаларды, мерзімді баспасөз материалдарын, сөздіктер мен оқулықтар, ғылыми еңбектерді, ресми және кеңсе құжаттарын ғасыр басындағы әдеби тілдің стильдік саралануын дәлелдейтінін материал ретінде көрсетеді.

Ғылыми жетекшісі әрі кеңесшісі, белгілі тілтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Бабаш Әбілқасымовпен бірігіп жазған «ХХ ғасырдағы қазақ әдеби тілі» (Астана, 2001 ж.) атты күрделі еңбек әдеби тіліміздің тұтас бір ғасырлық даму, кемелдену жолдарын, төңкерістен кейінгі жылдардағы әліпби, емле, термин, стиль мәселелерінің зерттелу, жетілу жайын, қазақ зиялылары еңбектері мен олардың әдеби тілдің дамуына қосқан үлесін, ХХ ғасырдағы әдеби тілдің басқа да көптеген тың мәселелерін саралайтын, қазақ әдеби тілі тарихынан жазылған іргелі зерттеулер қатарына қосылған қомақты үлес деуге болады.

Ғылымдағы жолын қазақтың әдеби тілінің бірнеше ғасырлық тарихын зерттеуге арнаған көрнекті ғалым Бабаш Әбілқасымовпен бірге 2009 жылы шығарған «Қазақ әдеби тілінің тарихы (ХV-ХХ ғасырлар)» деп аталатын еңбек әдеби тіл тарихына қатысты жаңа деректермен, тілдік материалдармен толықтырылып, осыған дейінгі ізденістердің нәтижелерін жинақтап, жүйелеген жұмыс ретінде танылады. Қазақ әдеби тілінің даму ерекшеліктерін жан-жақты зерттеген бұл жұмыс зерттеушілер үшін белгілі дәрежеде жүйеленген құнды еңбектердің қатарында саналады.

Қорыта айтқанда, профессор Ш.Мажитаеваның жоғарыда аталған еңбектері қазақ әдеби тілі тарихынан зерттеулер қатарын толықтыратын, қазақ әдеби тілі тарихын зерттеушілер, филология факультетінің студенттері мен магистранттары үшін қажетті еңбектер болып табылады және зерттеушінің қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуде алатын орнын көрсетеді.

Талай жылдар еңбектенуінің нәтижесінде жеткен жетістіктері ұшан-теңіз, бірнеше тілді жетік меңгерген полиглот-ғалым Шара Мажитаева қазіргі заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етіп келеді. Жұмыстан, ізденуден шаршамайтын еңбекқор апамызға шәкірттері атынан қанатыңыз талмай биіктерге самғай беріңіз дегіміз келеді.